

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
“ЖЕТІСАЙ ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНА КОЛЛЕДЖІ”
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
КӘСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ
ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ
“ЖЕТЫСАЙСКИЙ ВЫСШИЙ
МЕДИЦИНСКИЙ КОЛЛЕДЖ”
УПРАВЛЕНИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО ЗДОРОВЬЯ
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 жылғы 20 сәуір
Жетісай қаласы

№ 29 с/к
город Жетысай

**Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы комплаенс қызметіне
жауапты маман тағайындау
туралы**

Қазақстан Республикасындағы 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 2023 жылы 31 наурызда №112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы» үлгілік ережесі (бұдан әрі-ереже) негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін жүзеге асыруға жауапты тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Сраилов Жубан Сраилович - сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері етіп тағайындалсын.

2. Колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ережесі бекітілсін (№1 қосымша тіркеледі).

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Колледж директоры



М.Токбергенов